

"Петропавл қаласында қатты тұрмыстық қалдықтар полигонындағы коммуналдық қалдықтарды көму және кәдеге жарату тарифін бекіту туралы" Петропавл қалалық мәслихатының 2014 жылғы 18 шілдедегі № 3 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы мәслихатының 2017 жылғы 24 мамырдағы № 2 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 19 маусымда № 4228 болып тіркелді. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық мәслихатының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 4 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық мәслихатының 27.08.2018 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 19-1 бабы 2) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес Петропавл қалалық мәслихат **ШЕШТІ:**

1. "Петропавл қаласында қатты тұрмыстық қалдықтардың полигонындағы коммуналдық қалдықтарды көму және кәдеге жарату тарифін бекіту туралы" Петропавл қалалық мәслихатының 2014 жылғы 18 шілдедегі № 3 шешіміне (Мемлекеттік нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде 2014 жылғы 18 тамызда № 2907 болып тіркелді, "Қызылжар Нұры" және "Проспект СК" газеттерінде 2014 жылғы 22 тамызда жарияланды) келесі өзгерістер енгізілсін:

шешім тақырыбы келесі редакцияда баяндалсын:

"Петропавл қаласында қатты тұрмыстық қалдықтар полигонындағы қатты тұрмыстық қалдықтарды көму және кәдеге жарату тарифін бекіту туралы";

шешімнің 1-тармағы келесі редакцияда баяндалсын:

"1. Петропавл қаласында қатты тұрмыстық қалдықтар полигонындағы қатты тұрмыстық қалдықтарды көму және кәдеге жарату тарифі тоннасына 686 теңге көлемінде бекітілсін.";

3. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Петропавл қалалық
мәслихат хатшысы*

А. Бердағұлов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК